



«БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУДАҒЫ ӘЛЕУЕТІМІЗ ЖОҒАРЫ»

– Мұрат Нұрәліұлы, әңгімені
кәсіпкерлік палатасының та-
рихынан бастасақ. Ол қандай
мақсатпен құрылған еді?

– Түркістан облысының Кәсіпкерлер палатасы – «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аумақтық бөлімшесі, «ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» заңға сәйкес 2013 жылғы 8 қазанда құрылған. Бизнес пен биліктің тиімді әріптестігі негізінде дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында кәсіпкерлік субъектілерін біріктіретін коммерциялық емес өзін-өзі басқаратын ұйым. Түркістан облысының Кәсіпкерлер палатасы қызметінің негізгі бағыттарына тоқталар болсақ, оқыту, кеңес беру, кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау шаралары, бизнесті жүргізу, заңнамалық талаптар мен жаңалықтар және тағы да басқа талаптар туралы хабардар ету. Екіншіден, кәсіпкерлерді құқықтық қорғау, әкімшілік кедергілерді анықтау, аудандар, өңірлер, республика бойынша бизнестің өзекті мәселелерін шешу. Сонымен қатар, отандық өндірістерді дамытуға және тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі қазақстандық қамту үлесін арттыруға жәрдемдесу, бизнес-жобаларды және инвестициялық жобаларды сүйемелдеу. Түркістан облысының кәсіпорындарында сұранысқа ие мамандарды кәсіби даярлауға жәрдемдесу.

– Қазіргі таңда кәсіпкерлердің құқығы қалай қорғалады?

– Бизнесті мемлекеттік қолдаудағы маңызды оқиғалардың бірі – кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл лауазымының пайда болуымен байланысты. Кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін бизнес-омбудсмен институтын нығайту қажеттілігі туындағаны туралы Мемлекет басшысының «100 нақты қадам» жоспарында айтылған болатын. Қазақстан кәсіпкерлері өз құқықтарын біледі және ешкімге өзін басынуға жол бермейді. Егер Мемлекет басшысы кәсіпкерлерге қолдау көрсетпесе, түсіністік таңытпаса, онда әрине, оларға әлі күнге дейін қиын болар еді. Шынымды айтсам, посткеңестік кеңістікте бизнесті қорғау саласында бізге тең келер ешкім жоқ. Бұл тәуелсіздіктің жемісі.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ҚАЗАҚ БАСЫЛЫМЫ?



Ұлттық құндылықтарды түгендеп, ұлт болашағына қатысты мәселелердің оң шешілуінде бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы зор. Содан болар, журналистерге қатысты қанша сын, ескертпе айтқанымен, басына іс түсіп, шарасыздықтан шаршағанда жұрт бәріміз көмекті журналистер қауымынан сұрайды. Ал сол қаламын қару еткен БАҚ өкілдерінің өз мәселесі де аз емес. Оның біразы «Қазақ» газетінің 110 жылдығына орай ұйымдастырылған басқосуда талқыға салынды.

МАСЫЛДЫҚ САНА

ГИПЕРҚАМҚОРЛЫҚҚА ҮЙРЕНГЕНДЕРДІҢ ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕЛУІ ҚИЫН

«Асылдан асыл туады, жалқаудан масыл туады», – деген Майқы бидің сөзі бүгінгі қоғамдағы дертті дөп көрсетеді. «Еңбек етемін» деп ниеттенген кез келген азаматқа жұмыс табылады. Бірақ кей азаматтар адал жұмысты ар көріп, төсекте жатып, ішінен шыққан өз баласын өзгеге міндетсінетіні өтірік емес. Осы тұста шын мұқтаж жанның, масыл адамның пасық әрекетінің көлеңкесінде қалып кетуі де үлкен мәселе.

Мемлекет басшысы соңғы жолдауында «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды», – деуі, құр сөз емес. Бәсекеге қабілетті, экономикасы мықты дербес мемлекет қалыптастыруда әр азаматтың әрекеті елеулі рөл ойнайды.

Осы тұрасында әлеуметтанушылар «масыл» топтардың пайда болуына түрлі факторлар әсер ететінін жеткізді. Біріншісі интеллектуалды адамның әлі толық өсіп жетілмеуі. Бұл топқа бірінші ата-ана қамқорлығын қажетсінетін, әрине, балалар және сол қамқорлықтан шыға алмай қалған ересектер тобы кіреді. Яғни, отбасы, не жақындарының көмегімен ғана өмір сүріп үйреніп қалған жандар.

«Балаңды аясаң, аяма» деген халық даналығы бекер айтылмаған. Гиперқамқорлыққа әбден еті үйренген жандар, өмірге бейімде-

луі әрине қиын. Сол себепті ата-анасына не мемлекетке масыл атанады. Екінші фактор, тоталитарлық жүйе кесірі. Тәуелсіз мемлекет атанғанымызға жарты ғасыр да толмағандықтан, жүйе ауысуына кей адамдар үйренісе алмады. Кеңес одағының «патернализмі» өз ізін қалдырып кетті.

Жаңа Қазақстан еңбек етемін деген әр өренді қолдап келеді, қолдай да береді. Бірақ қолдау ғана күтіп отыру, арманы асқақ адам үшін жат қылық. Шағын және орта бизнесті дөңгелетіп алып кетуге арналған жеңілдіктер мен арнайы бағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдаланып, жемісін жеп отырғандар аз емес.

Шектеу тек біздің өз миымызда. 20 жастағы Ермек Назеркенің өмірлік жолы бұл тоқтамға дәлел. 2 жасынан арқа бұлшықет атрофиясы диагнозы қойылып, емі жоқ ауруы үшін есепке қойылған. Талай аурухана табалдырығын



тоздырып, шипа іздеген. Бірақ сонысына қарамай еңбектен қашпай, керісінше жұмыс жасап, қаражат тауып, тәуелсіз болуға әрекет еткен. Бүгінде SMM маманы. Контент жоспар мен мәтін, сценарийді толық өзі жазып, тек түсірілім кезінде сіңлісінен көмек қолын сұрайды. Бүгінде Назерке айына 500 мыңнан жоғары табыс тауып, өз қажеттіліктерін толық жауып, жақындарын түрлі сыйлықтарымен қуантып жүр.

Тағдыр сынағын еңсеріп, алдыға жылжуға күшті қайдан аласыз деген сауалға Назерке: – «Мотивацияны өзгерткен аламын. Өткен күндерімді қазіргі сәтіммен салыстырамын.

Өліммен мың арпалысып жеңіп келем. Демек, өзге қиындықтарды да Алланың қалауымен еңсеремін. Мен үшін менің мәселелерімді біреу келіп шешіп бермейді, менің арман-мақсатым тек өзіме құнды. Әлде, қайғырып жылай бергеннен бірдеңе шыға ма? Әрине, жоқ. Өмірде көптеген кедергілер мен қиындықтар бар. Бірақ әр жолы біз салымыз суға кетіп, қолымнан ештеңе келмейді деп шағымдасақ, алға жылжуға күш пен мотивация іздемей жата берсек, мәселе шешіле ме? Өмір жалғыз, шешілмейтін проблема жоқ. Алға ұмтылу үшін сенім мен күш бар. Берілмеңіз, күшті болыңыз және өзіңізге сеніңіз. Бәрі болады, сіз тек әрекет етіңіз, – деп, жауап қатты.

Кейіпкеріміз дәрігер болуды армандаған екен. Бүгінде медицинаның дамуына байланысты, толық емделіп, аяққа тұруға мүмкіндік бар. Өзінің әлеуметтік желіде парақша ашып жүргізуінің себебін қоғамның мүмкіндігі шектеулі адамдарға мүсіркей қарауы дұрыс еместігін, ерекше жандарда тәуелсіз өмір сүре алатынын көрсеткісі келгендігімен түсіндіреді.

Масылдық – қоғамдағы ауыр кесел. Мұқтаж болып көмек сұрасаң да кейін оның өтемі болады. Ислам дінінде де 12 мүшесі сау адамның, бір күндік ішіп-жемі бар пенденің қол жайып, қайыр сұрауы дұрыс дүние еместігі жайлы айтылады. Өзіңнен өтірік мұқтаж жан жасау адамдықтың төменгі деңгейі, қоғамдық паразитизм. Құдай басқа шын мұқтаж болатын жайтты салмасын. Әрекеттің берекеті боларын Назерке сынды қайсар жандарымыз дәлелдеп жүр. Мемлекеттің көмегі шын мұқтаж жанның қолына тисін, өтірік мұқтаждық, масылдықтың да сұрауы болатынын естен шығармай жүрейік, ағайын.

Нұрбол ЖЫЛЫС

БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

Құқықтық сауатты жетілдіріп, құқықтық мәдениетті арттыру демократиялық қоғамда күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе. Осы мақсатта «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасына аз-кем тоқталғанды жөн санап отырмыз.

Қылмыстық процесте айыпталушы, күдікті анықтаудан, алдын ала тергеуден немесе соттан жасырынады, не істі сотта объективті зерттеуге және талқылауға бөгет жасайды немесе қылмыстық әрекетпен шұғылдануды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіз болған кезде, айыпталушыға іс жүргізуде қолданылатын мәжбүрлеу шаралары заңда көзделген. Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және басқа, қатаңдығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған кезде заңмен бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылуы мүмкін.

Тергеу судьясы мұндай материалдар сотқа түскен соң сегіз сағаттан кешіктірмей прокурор, күдікті, айыпталушының және оның қорғаушысының қатысуымен қарайды. Сонымен қатар, қорғаушыны іс материалымен таныстырады. Сондай-ақ, сот отырысына заңды өкіл мен өкілдің де қатысуға құқылы екенін айта кеткен жөн. Тергеу судьясы бұлтартпау шарасын таңдау

кезінде ескерілетін мән-жайларға қатысты іс материалдарын мұқият зерттеп, адамға қылмыс жасағаны туралы күдік келтірудің негізділігін тексереді, қажет болса қылмыстық істі алдыртады. Күдіктіге, айыпталушыға бір мезгілде екі және одан да көп бұлтартпау шараларын қолдануға болмайды.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган қаулы шығарады, онда бұлтартпау шарасын қолданудың негізі қамтылады. Қаулының көшірмесі өзіне қатысты қаулы шығарылған адамға табыс етіледі және сонымен бір мезгілде оған Қылмыстық-процестік кодексте көзделген, бұлтартпау шарасын қолдану туралы шешімге шағым жасау тәртібі түсіндіріледі. Күзетпен ұстауға байланысты емес бұлтартпау шарасын қолданған кезде күдіктінің, айыпталушының, сотталушының тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ету үшін оларға: сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, прокурорға не сотқа олар белгілеген уақытта келу; қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатсыз тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жерінен кетпеу; қылмыстық процесті жүргізетін адамды, прокурорды тұрғылықты



М. ТҰРҒАНБАЕВ,
Қызылорда қаласының
мамандандырылған тергеу
сотының төрағасы

жерінің, жұмыс орнының өзгергені туралы хабардар ету; белгілі бір адамдармен араласпау және белгілі бір жерлерге бармау; психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарынан (ауруларынан) емделу курсынан өту; электрондық бақылау құралдарын тағып жүру міндеттерінің бірі немесе бірнешеуі жүктелуі мүмкін. Күдікті, айыпталушы заңда көзделген шараларды бұзатын іс-әрекеттерді жасаған жағдайда оларға неғұрлым қатаң бұлтартпау шарасы қолданылады. «Күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған күдіктілер тергеу изоляторында ұсталады. Жалпы бұлтартпау шарасы бұл арнайы превентивті-ескерту амалы, қылмыстық өндірістің мүддесін қорғайтын институт.

ҚҰҚЫҚ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕНІҢ ОРНЫ

Конституциялық-қылмыстық құқықтық іс жүргізу институтында дәлелдемелерді бағалауға айрықша назар аударылады. Мұның заңдық көрінісі Конституциядан басталып қылмыстық заңнамаларда толық көрініс тапқан. Сонымен бірге, сот-құқықтық реформаларда да дәлелдеменің маңызы басты орынға қойылған. Айталық, соңғы жылдары тәжірибеге енгізілген қылмыстық процестегі үш буынды модельде де дәлелдемені алу, қолдану, тексеру мәселесі ұмыт қалмаған.



Самат ЖЕЛДЕРБАЕВ,
Қармақшы аудандық
сотының судьясы

Үш буынды модельде құқық қорғау органдары, прокуратура және соттың өкілеттігі мен жауапкершілік аймақтарын бөле отырып, дәлелдемені қолданудағы құзыреті дәйектелген. Соған орай, қылмысты анықтау және нақты деректерді жинау полиция құзырына болса, жиналған дәлелдемелерді құқықтық бағалау және айыптауды дайындау прокуратура құзырында. Ал дәлелдемелерге сүйене отырып істі мәні бойынша шешу – соттың жұмысы.

Сот шығарған үкімнің заңды, негізді болуы қылмыстық істер бойынша ұсынылған дәлелдемелердің маңызына көп байланысты. Осы ретте қылмыстық істің дұрыс шешілуі күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғауға құқығы бар куәнің айғақтарымен, сарапшының қорытындысымен, заттай дәлелдемелермен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттар мен деректерге ғана негізделуі тиіс. Ал дәлелдемені қандай кезде судья заңды, негізді деп қабылдайды?

Қылмыстық процестің кодекстің 111-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, дәлелдеме сот ісінде пайдаланылуы үшін қылмыстық процесті жүргізуші орган оны заңды жолмен алуы керек. Яғни, дәлелдеме іс жүргізу заңымен белгіленген тәртіппен алынуы, қылмыстық әрекеттің болғандығын немесе болмағандығын, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағандығын немесе жасамағандығын, олардың кінәлілігін не кінәлі емес екендігін, сон-

дай-ақ, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтау барысында негізделген заңды түрде алынған іс жүзіндегі деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Ал дәлелдеме күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының еркінен тыс, күшпен, алдаумен, зорлықпен, бопсалаумен алынған жағдайда судья Конституциялық-қылмыстық құқықтық іс жүргізу институтының талаптарын басшылыққа ала отырып дәлелдемелерді заңсыз деп табуға, тиісінше оны сот өндірісінде қолданбауға тиіс. Сондай-ақ, заңмен қарастырылмаған көздерден алынған іс жүзіндегі деректер дәлелдемелер ретінде танылмайды.

ҚР Конституциясында адам мен азамат құқығының бұзылмайтынына кепілдік берілген. Егер дәлелдеме Ата Заңның дәл осы бабына қайшы келсе және ҚПК-нің 112-бабында көрсетілген мән-жайлар анықталса дәлелдеме жарамсыз деп танылады.

Сот тараптар ұсынған дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті зерттеуге және оларды заңға сәйкес бағалауға міндетті. Әрі дәлелдемелерді тараптар тағылған айып көлемінде ғана тексереді. Дәлелдемені қабылдау, бағалау, жарамсыз деп тану тек судьядан терең зерделеу пен біліктілікті талап етеді. Бұл жерде полиция мен қадағалаушы органның жауаптылығы да қаперден шығармауымыз керек. Өйткені, әр дәлелдеменің артында адам тағдыры тұр.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ТӘУЕЛСІЗ СОТ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Гүлмира ИСКАКОВА,
Қызылорда қаласы өкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының судьясы



Бүгінгі заман сот билігіне де, судьяларға да жаңа міндет, соны межелер жүктеп отыр. Себебі, әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосылуды мұрат тұтқан еліміздің халықаралық қауымдастықтан лайықты орын алуы үшін заңдарымыздың ізгі болуымен бірге, сот билігінің дүниежүзілік стандарттарға сай болуы маңызды. Сондықтан қазақстандық сотты әлемдік талаптарды ескере отырып дамытуға барша мүмкіндіктер қарастырылып отыр. Жаңа дәуір соттарының шынайы мәртебесін – судьялардың біліктілігі мен білімдерлігі, ар-ождан тазалығы мен абырой-беделі, іскерлігі мен адамгершілік бет-бейнесі айқындайды.

Судья сот төрелігін жүзеге асыру барысында ұдайы шиеленістер мен қайшылықтар алаңында тұрады. Бұл олардан мейлінше ұстамды, сабырлы, салиқалы, іскер де тапқыр, тез шешім қабылдай алатын, жоғары парасат иесі болуды талап етеді. Әділ сот билігін атқаруға құзыреттілік берілген кешегі өткен билер де, қазіргі судьялар да халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілегі мен шағым-өтініштерін тыңдап, шындықты жақтап, өзі өмір сүрген қоғамның әділдік ұстанымына қызмет етіп келеді. Олардан кәсіби ерекшеліктеріне қарай заңдарды, елдің салт-дәстүрі мен жөн-жоралғыларын жақсы біліп қоймай, қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезініп, қабілетімен ғана емес, жеке басының қадір-қасиетімен де үлгі-өнеге көрсете білу талап етіледі.

Бүгінгі соттың ашықтығына еш күмән жоқ. Айыпталушыға сот шешімі немесе судьяның үкімі шыққанға дейінгі сот процесін қарапайым халық интернет немесе фейсбук желісі арқылы тікелей эфирден көріп отырады. Айыпталушы немесе куәгер қалай жауап берді, судья процесті қалай жүргізді – мұның бәрі ел назарында. Сондықтан да судьяның әділетсіз шешім шығарып, істі бұрмалауына ешқандай негіз жоқ. Мұнымен қоса, сот залындағы процестердің барлығы да дыбыс және бейнетаспа-ларға жазылады.

Сот беделін мемлекет беделінен бөліп қарай алмаймыз. Қазіргідей қаржылық-экономикалық дағдырыс кезінде қылмыстың түрленуі, сонымен бірге, өз құқығын қорғай алатын азаматтар қатарының артуы соттарға шағымданатын азаматтар санының көбеюіне түрткі болып отыр. Жаза басқандарды дұрыс жолға салып, заң бұзушылыққа саналы түрде барғандарға заң алдында қатаң жаза тағайындау соттың басты міндеті.

Соттың екі жақтың бірдей көңілінен шығатын қорытынды шығаруы көп жағдайда мүмкін емес. Тараптың бірі сот шешіміне разы болып жатса, екіншісі өз наразылығын білдіріп, кей жағдайда, Жоғарғы Сотқа дейін арызданып жатады. Осылардың барлығына қарамастан ақ пен қараның ара жігін ажыратып, «тура биде туған жоқ» қағидатын басшылыққа алып жұмыс жасағанда ғана әділсот төрелігін жүзеге асыруға болады.

АЗАМАТТЫҢ ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТІН НЕГІЗСІЗ ШЕКТЕУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



Нұрлан ТӨЛЕШ,
Қызылорда қалалық
сотының судьясы

Азаматтардың әрекет қабілеттілігін анықтау сот барысындағы маңызды шарттың бірі. Іс қарауда бұл маңызды басымдыққа ие. Әрекет қабілеттілігі тек келісімдер жасау және олар үшін жауап беру емес. Оның мазмұнын кең шеңберде түсінгеніміз жөн. Өйткені, азаматта әрекет қабілеттілігімен бірге өзі келтірген зиянды өтеу қажеттілігі де бір мезгілде пайда болады.

Заң тілімен айтқанда, азаматтың өзінің іс-қимылымен белгілі бір құқықтарға ие бола алуы және сол құқықтарды іске асыра алуы, белгілі бір міндеттерді атқару, алып жүре алу қабілеттілігі жинақталып келіп азаматтардың әрекет қабілеттілігін құрайды. Ал оған қандай да бір күмән туындаған жағдайда, азаматты қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп тану туралы істер сотта таразыланады. Осы ретте әрекет қабілеттілігін шектеудің екі түрі бар екенін ескерген жөн. Біріншісі

– әрекет қабілеттілігін табиғи түрде шектеу болса; екінші түрі – әрекет қабілеттілігін сот орындарының шешімі негізінде шектеу.

Азаматтың толық әрекет қабілеттілігі кәмелеттік жасқа толғаннан кейін басталады. Осы жас ерекшелігін ескере отырып әрекетке қабілеттіліктің жартылай, толық емес, толық, шектелген деген түрі анықталады. Бұлай дәрежеленуі табиғи өлшеммен үндес. Мәселен алты жасқа дейінгі балалардың әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылады. Сонымен бірге, жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін. Мұның барлығы азаматтың денсаулық жағдайына, медициналық көрсеткіштерге сәйкес сараланып, соған байланысты сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамға қорғаншылық белгіленеді.

Жартылай әрекет қабілеттілік 6-14 жасқа дейінгі балаларда болса, он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекеті толық емес әрекет қабілеттілігі бар деп белгіленеді. Сондықтан да олар үшін мәмілелерді, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, олардың атынан ата-анасы, асырап алушылары немесе қорғаншылары жасайды. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздерінің жасына лайықты, орындалатын тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Бұл жастағы азаматтар мәмілелерді ата-анасының, асырап алушыларының немесе қорғаншыларының келісімімен жасайды.

Азамат жүйке ауруының салдарынан немесе ақыл-есінің кемдігінен өз әрекетін түсінбесе немесе не істегенін білмесе мүдделі адамдардың арызы бойынша сот оның әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін. Осыған байланысты оған қамқоршылық тағайындалады. Әрекет қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп тану туралы істер сондай-ақ, спирттік ішімдіктерге, есірткіге тәуелді азаматтарға қатысты қаралады. Себебі, ішімдік пен нашаға қол жеткізу үшін тәуелді азаматтар өз ісіне есеп бермейді, өзіне, отбасына зиянды келісім, мәмілелер жасауы мүмкін. Соған орай өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан азаматтың әрекет қабілеттілігін сот Азаматтық іс жүргізу кодексында белгіленген тәртіп бойынша шектеуі мүмкін. Егер жоғарыда көрсетілген азамат спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға құмарлығын тоқтатса, онда сот оның әрекет қабілеттілігін қойылған шектеудің күшін жоюды.

Дегенмен, осы жерде қарапайым халық назарына мынаны салған дұрыс. Құқықтық, зайырлы мемлекетте ешкімді нақты себепсіз құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін айыруға және оларды шектеуге жол берілмейді. Мұның барлығы заң құжаттарында көзделген ретпен, тәртіп бойынша жүзеге асады. Сот мұндай шешімді қабылдамастан бұрын көрсетілген негіздерді егжей-тегжейлі тексеріп, медициналық сараптама тағайындайды. Медицина мекемелері берген қорытынды анықтама да азаматты әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануға бірден-бір негіз бола алмайды. Мұндай шешімді тек сот қана қабылдауы мүмкін.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ҚАЗАҚ БАСЫЛЫМЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мазмұнды шараға «Қазақ медиа қауымдас-тығы» мұрындық болды. Қазақ баспасөзі мен ақпараттық сайт өкілдері жиналған дөңгелек үстелде тарихшы-ғалым Светлана Смағұлова «Қазақ» газетінің тарихы, басылымды шығарған Алаш арыстарының еңбегі, қоғамды ояту үшін көтерілген маңызды тақырыптар туралы сөз қозғады. «Біріншіден, газетті үнемі бақылауда ұстаса да, сол кездің өзінде бейресми, үкіметтің әкімшілік, әміршілдігіне бас ұрмады. Екіншіден, басылым қазақтың зиялы қауымын, бас көтерер азаматтарын біріктіріп, жұмылдыра білді. Үшіншіден, ұлттық мүдде жолында қызмет етіп, халықтың мұң-мұқтажын көтере білді», – деді тарихшы.

Жиында сөз алған «Алаш айнасы» сайтының редакторы Серік Жанболат ақпараттық қауіпсіздіктің ескерілмей келе жатқанына, дүңгіршектердегі қазақ басылымдарының орнын ресейлік басылымдардың жаулап алғанына ренішін білдірді. Расында, сауда орындары мен дүңгіршектерде тек ресейлік басылымдар сатылымда. Ал олар өзге елдің мүддесін қозғап, өзге елдің саясатын дәріптейді. Осының өзі біздің ақпараттық қауіпсіздікке көңіл бөлмеуіміздің нақты дәлелі.

«Қазақ газеттері» ЖШС бас директорының орынбасары Думан Анаш «Қазақ басылымдарының жағдайы маз емес. Жазылу мәселесін айтып келеміз. Басылымды шығаратын баспа-хана қызметі, жеткізу құны қымбаттап кетті. Бірақ басылымға жазылу құны өзгерген жоқ. Сонда да жазылатындар кем», – десе, «Қазақстан дәуірі» газетінің бас редакторы Ертай

Айғалиұлы: «Газет – рухани құндылық. Алай-да, қазір мәжбүрлеп жаздыруға болмайды дегенді сылтау етіп, ешбір құзырлы орын газетке жазылмайтын болды. Ең болмаса, республика-дағы барлық кітапхана, мектеп кітапханалары-на газеттерді жаздыратын болса, бізге үлкен көмек еді» деген ойын ортаға салды.

«Қала мен дала» газетінің редакторы Ду-ман Бықай «Қазіргі оқырман қазақ басылымы-на ақша шығарып, жыл бойы мазмұнды дүние оқығаннан, 90 мыңға коучтардың сабағына қатысқанды тәуір көреді» деп өзекті мәселенің шетін шығарса, «Жас алаш» газетінің редак-торы Алмас Нүсіп: «Егер басылымға деген көзқарас өзгермесе, журналистерге көшеге шығудан басқа амал қалмайды. Алғашқы га-зеттерді журналистер көшеде айғайлап жүріп жарнамалап сатқан ғой. Бәлкім, бізге де осы әдіске қайта оралу керек шығар» деп әріпте-стерге ой тастады.

Жиынды ұйымдастырып, жүргізген белгілі журналист Өміржан Әбдіхалық қазақ жур-налистикасын көтеруге қатысты пікірлерді қорытып, орындау ұсыныстарды Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің назарына ұсынатындарын жеткізді.

Иә, қазақ басылымдары бетпе-бет келіп отырған мәселелерді қазақ журналистерінен артық ешкім білмейді. «Қазақ» газетінің 110 жылдығына орай өткен басқосуда оның бірқа-тары айтылды. Енді осы түйткілдер талқы тақырыбына ғана тұздық болмай, тезірек шешімін тапса нұр үстіне нұр.

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

САНАНЫ УЛАУДЫҢ ЗАРДАБЫ АУЫР

Бүгінде «Кім ақпаратты игерсе, сол әлемді билейді» деген сөзді жиі естиміз. Ол, рас! Өйткені ақпарат ағыны толастамайтын қазіргідей заманда ақпараттық технологияның дәурені жүріп тұр. Салдарынан ақпарат айдынында не көп, еркін жүрген жалған, шындыққа жанаспайтын, жансақ ақпараттар өте көп. Ал қарапайым оқырман ақпараттың ақ-қарасын ажыратып алмай, кез келген хабарға сенуде. Тіпті, ақпа-раттардың жалған немесе ақиқат екеніне көз жеткізіп жатқандары да шамалы. Бірақ таяқтың екі ұшы бар демекші, аудитория біз не ұсынсақ соны көріп, оқып жатыр. Ендеше, жалған ақпа-ратқа және халықтың бұқаралық санасын манипуляциялауға қарсы қандай шаралар қолданылу-да? Жалған ақпаратқа қалай тосқауыл қоямыз?



Сіз не дейсіз?

Зейнеш ЕЛШІБАЕВА,

Алматы қаласы, Алатау аудандық прокуратурасының бөлім прокуроры:

– Жалған ақпарат тарату – бұл қылмыс. Қазіргі таңда саяси оқиғалардың немесе төтенше жағдайлар, өрт, апат жағдайларында (мәселен, жақында орын алған Абай об-лысындағы жағдай) әлеуметтік желілер арқылы елді дүрліктіріп, арандату мақсатында қасақана жалған ақпаратты таратушылардың саны көбейді. Ал ақпараттың жалған немесе шынайы екеніне көз жеткізе бермейтін ақпарат тұтынушылары көбіне фейк ақпа-раттың таралуына себепкер болып жатады. Қоғамда жалған ақпарат таратушының негізгі себептерінің бірі – халықтың құқықтық сауатсыздығы. Себебі, көп жағдайда ақпарат тұтынушылардың басым бөлігі өз құқықтары мен міндеттерін, өз мүдделерін заңгердің көмегімен өз бетінше қорғай алуға қауқарсыз және қажетті желілерден пайдалы ақпарат ала алмайды. Тіпті, жалған ақпарат таратудың өзі қылмыс екенін, ол үшін арнайы заң қарастырылғанын да біле бермейді. Жалған ақпарат тарату арқылы қоғамда резонанс туындап, азаматтардың ар-намысы, беделіне, қадір-қасиетіне қандай да бір зиян келтіріл-ген жағдайда бұл әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс деп танылып, Қылмыстық кодекстің 174, 273, 274, 439, 456-баптарымен сараланады.

Бүгінде тұтас қоғамды жаулаудың тиімді тәсілдерінің бірі – әлеуметтік желі болып отыр. Әлеуметтік желінің социальды үлкен қозғаушы күшке айналуы, қазіргі уақытта қоғамды, жастарды тәрбиелеудің негізгі құралына айналды. Бұл қарусыз майданның артында халықаралық тыныштықты бұзушы, арандатушылар тұр, ал арандатушылар әлемнің түкпір-түкпірінде отырып-ақ, фейк аккаунтпен тіркеліп, мемлекеттің тұрақтылығына, тыныштығына едәуір нұқсан келтіруде. Мәселен кешегі қаңтар оқиғасы кезінде де ақпарат саласында қарусыз соғыс жүрді. Арандатушылар ақпаратты бұрмалап, жарыса таратты. Осы тұста құқықтық сауатсыз жандар арандатушылар ықпалына көніп, жалған ақпа-ратты таратуына себепкер болды.

Одан бөлек, танымал жандар, блогерлер кейде рейтинг қуалап немесе ақысы төленетін өнімдерді жарнамалап, шыныдқа жанаспайтын ақпаратпен жұрттың санасын жаулау-да. Одан кейінгі мәселе, телеэкраннан берілетін ұлттық танымдық бағдарламалар жа-былып, орнына арзанқол бағдарламалар беріле бастады. Бұл халықтың санасын улаудың, идеологиясын құртудың ең төте жолы. Кейбір журналист, блогерлер билікті сынау арқылы қолдан қаһарман жасауды әбден меңгерген. Халық – алып қуш, ал, журналистер тікелей халықпен байланыс орнатып, тасымалдаушы болғанымен, өз кәсібіне адал, білікті, заңды тұрғыда сауатты болса, ақпаратты жылдам тарату емес, тексеріп алу маңызды екенін ұғынса деймін.

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

Республикамызда жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілік заңна-малық түрде күшейтілуде. Жалпы, Қазақстан заңнамасында жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілік бұрыннан бар. Бірақ бұған дейін тек біле тұра айтылған өтірік үшін жаза қарастырылған еді. Алайда өтірік ұғымының өзі әдейі, қасақана айту дегенді білдіреді. Әдейілеп айтылмаған жалған сөз тек қате, дұрыс емес ақпарат болып есептелетін. Бұл жағдайда ӘҚБтК-нің 456-1-бабының 2-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке немесе ҚР ҚК 274-бабы бойынша қылмыс-тық жауапкершілікке тарту қарастырылған болатын.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙДІ

Енді жағдай өзгерді: ӘҚБтК-нің 456-1-бабының 2-бөлігі алынып тасталды. Соған орай, егер блогер қа-телесіп ақпарат таратса, бұл жалған ақпарат үшін құзыретті органдар оны жа-уапқа тартуға міндетті. Заң бойынша ешқандай ескерту жасалмай, бірден 345 мың теңгеге дейін, кем дегенде 20 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

14 маусымда Мәжіліс де-путаттары қабылдаған «Он-лайн-платформалар және он-лайн-жарнама туралы» заңға көз салсақ, бұл құқықтық құжат осы жылдың сәуір айында жасалды, 5 мамырда заң әзірленді. 6 мамырда заң жобалау қызметі мәселе-лері жөніндегі ведомство-аралық комиссияның отыры-сында мақұлданды, содан кейін Парламентке жіберілді. Бұл заңмен қатар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне онлайн-платфор-малар және онлайн-жарна-ма мәселелері бойынша то-лықтырулар енгізу туралы» заңның да қатар жүретінін айта кеткен жөн. Ол заң нор-маларын бұзғаны үшін жа-уапкершілікті әкімшілендіру үшін қажет.

Министрлік жанындағы Талдау және ақпарат ор-

талығының мәліметіне сәй-кес, 2022 жылғы ақпараттық кеңістікті мониторингілеу барысында жалған ақпа-ратты таратуға байланысты 278 бұзушылық анықталған. Оның 247-сі әлеуметтік желілерде, атап айтсақ, Facebook-те – 83, Instagram-да – 74, Telegram-да – 56, TikTok-та – 7, Youtube арна-сында – 27 жалған ақпарат таратылды. Қалған 31 ақпа-рат интернет-ресурстарға ти-есілі. Нәтижесінде Ішкі істер министрлігіне жалған ақпа-рат таратудың 195 жағдайы-на қатысты хабарлама жол-данды. Жалған ақпараттың таралу фактісі қанатын кеңге жая бастағанын ескере оты-рып, мемлекет жалған ақпа-рат таратқаны үшін, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жа-заланатын іс-әрекет белгісі болмаса, айыппұл түріндегі әкімшілік жаза белгілеуді орындап деп тапты.

ӘҚБтК-ге «Жалған ақпа-ратты орналастыру, тарату» деп аталатын 456-2-бап енгізіледі. Осы бапқа сәйкес, жалған ақпаратты БАҚ-та, ақпарат иесінің интернет-ре-сурсында, ашық деректердің интернет-порталында не-месе ел заңнамасында көз-делген өзге тәсілмен орна-ластыру, тарату 20 АЕК-тен

220 АЕК-ке дейін айыппұл салуға әкеп соғады. Әле-уетті айыппұл төлеушілер қатарына лауазымды тұлға-лар, коммерциялық емес ұйымдар, шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ, баптың арнайы 5-тармағымен енгізілген блогерлер жатқызылады. Аталған тармақта: «Осы бап-тың бірінші бөлігінде көздел-ген, инфлюенсерлер (бло-герлер) жасаған әрекеттер шағын кәсіпкерлік субъек-тілеріне 40, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 80, ірі кәсіп-керлік субъектілеріне 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» деп көрсетілген. Бұл ретте заңда инфлюенсер (блогер) де-ген ұғымға түсінік берілген. Яғни, ол – кәсіпкерлік қыз-мет мақсатында адамдардың белгісіз тобына бағытталған ақпаратты онлайн-платфор-маларда жариялайтын он-лайн-платформаны пайда-ланушы.

Бүгінде заңға енгізілген өзгерістер Конституцияның 61-бабының 4-тармағына сәйкес, Парламенттің жоға-ры палатасына жіберіліп, Сенатта қаралуға.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНА СЕНЕТІНДЕР КӨП

Қанша жерден қаржы пирамидалары-ның залалы өшкере болып, оны құрушы-лар істі болып жатса да алданатындар азаймай тұр. Елімізде жыл басынан бері 22 қаржы пирамидасы анықталып, кибер-бақылау жүйесінде пирамидаға қатысты 4 мыңға жуық сайт пен аккаунт бұғат-талған. Бұл туралы Қаржылық монито-ринг агенттігінің өкілдері хабарлады. Бүгінде қадағалаушы орындар халықты қаржы пирамидаларынан қорғау жұмы-сын барынша жетілдіруде.

Бүгінгі күні әрекетінде қаржы пирами-дасының белгілері бар, сот үкімі шыққан ұйымдардың тізімі Қаржылық мониторинг агенттігінің арнайы сайтында жарияланған. Демек, өз қаржысын инвестициялауды көз-деген немесе өзін қызықтырған қандай да бір ұйымға ақша салмас бұрын кез келген адам ұйымның қаншалықты заңды жұмыс істей-тінін арнайы сайттан тексеріп көре алады. Осыған дейін бұл қызмет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің реестрі арқылы мүмкін болса, енді барынша халыққа оңайлатылып, бұл қызметке тез қол жеткізу-ге, сайттағы тізімнен де оңай тауып алуына мүмкіндік беріліп отыр.

ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми өкілі Әлібек Әбділов: «Қаражатты инвестициялау кезінде азаматтар белгілі бір компанияда қаржы пирамида белгілерінің бар-жоғын тексеру үшін Қаржылық монито-ринг агенттігінің телеграмм ботын да пайда-лана алады» дейді. Демек, қаржы пирамида-ларына алданғысы келмейтіндер Қаржылық мониторинг агенттігінің телеграмм боты арқылы да оңай жолмен қаржысын кімге сеніп тапсыруға болатынын анықтай ала-ды. Азаматтар тек ізденіп, шынайы, сенімді қаржы ұйымы мен алаяқтарды ажыратуға ынта танытса болғаны. Деректер ашық ақпа-рат көздерінде оңай қолжетімді болып отыр.

Атап өтер жайт, елімізде қаржы ұйымда-рының тым көбейіп кеткені соншалық, ел Президенті өз жолдауында қаржы пирами-даларына қарсы кешенді шаралар әзірлеуді



міндеттеген болатын. Президент тапсырма-сына орай берілген міндеттеменің барлығы жүзеге асып, қаржы пирамидаларының жо-лын кесуге ықпалын тигізеді деген үміт зор!

Жүзеге асырылған жұмыстардың ел кәдесіне асып жатқанын да көріп отыр-мыз. Мәселен, жыл басынан бері сайттағы қаржылық ұйымдарға сұраныс жасау қыз-метіне 3 511 өтініш түскен. Бұл қаржылық сауаты мол, ақ пен қараны ажырата алатын азаматтар санының артқанын көрсетеді. Сон-дай-ақ, Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановтың Мемлекет басшысына берген есебіне сенсек, елімізде жыл басынан бері 25 қаржы пирамидасы жойылып, жәбірленушілердің 8,3 млрд теңге шығыны өтелген. Яғни құқық қорғау орын-дары тарапынан алданған халқымыздың құқығы да қорғалып келеді.

Бірақ бұл тұрғыда халықтың да жауапкер-шілігін арттыру парыз. Мамандардың пікірі осыған саяды. Экономист Жанұзақ Әкім: «Халық оңай ақшаға құнығып алған. Кейде арты күмәнді екенін біле тұра санаулы күнде ақшасын еселеп қайтарамыз дегендердің әрекетіне сенгісі келіп тұрады. Ал сол қаржы-сына кәсіп ашып, өз еңбегімен өз қаржысын көбейтуге құлқы жоқ. Сондықтан қаржы пирамидаларының жолын кесу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға ризамын, дегенмен халықтың да қаржылық сауатын көтеруіміз керек» дейді.

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



– Әкімшілік әділеттің қоғамға, қарапайым халыққа тиімді тұсы қандай?
– Әкімшілік әділеттің халыққа берер пайдасы көп, себебі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің әрбір нормасы азаматтардың құқықтарын толық және жан-жақты қорғауға бағытталған. Мысалы, кодексте әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады деп көрсетілген. Белсенді рөл атқара отырып, судья сотқа қатысушылардың түсініктемелерімен, олар ұсынған дәлелдемелермен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс пікірін айта алады. Осы норманы қолдану барысында, сот әкімшілік процеске қатысушыларға даулы қатынастарды реттейтін заң нормаларын түсіндіре алады және бұл өз кезегінде тараптарды татуластыруда өте маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отыр. Сөз кезегінде айта кетейін, бұрын мемлекеттік органдардың талап қоюшылармен бітімгершілікке келуге заң тұрғысынан құқықтары болмаған еді, қазір жаңа кодекс билік органдарына дауды азаматтармен татуласу арқылы шешуге толық мүмкіндік беріп отыр.

Ләззат БИСЕНОВА,

Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы:

«МАҚСАТЫМЫЗ – ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ ТҰҒЫРЫН НЫҚ ОРНАТУ»

– Өзіңіз басқарып отырған әкімшілік соттың бүгінгі тыныс-тіршілігі қалай?

– Көпшілігіңізге белгілі 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне еніп, жария-құқықтық дауларды қарайтын жаңа әкімшілік соттар ашылды. Биыл шілде айында жаңа кодекс аясында біздің де жұмыс жасай бастағанымызға екі жыл толады.

Бұл соттың ерекшелігі, мұнда жауапкер тек әкімшілік, мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға болып табылады. Егер азамат әкімшілік органның, лауазымды тұлғаның өзіне ауыртпалық түсіретін актісімен немесе іс-әрекетімен

және оның әрекетсіздігімен келіспесе, осы әкімшілік сотқа жүгіне алады.

Сот ісін жүргізудің мүлдем жаңа түрі болғандықтан, алғашқы жылы соттылыққа қатысты, одан өзге де сұрақтар туындаған еді. Қазіргі уақытта әкімшілік істер бойынша біздің практикасы қалыптасты деп сеніммен айта аламын.

Әкімшілік сотта қазіргі уақытта 8 судья сот төрелігін іске асырады. Олар тәжірибелі, білікті, өз ісінің майталмандары.

Біздің басты міндет – халықтың сот жүйесіне деген сенімін одан әрі арттыру, жаңа кодекстің әлеуетін толық пайдаланып, әкімшілік әділеттің тұғырын нық орнату.

шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді және өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелерді жинай алады. Азамат сотқа құқықтары мен заңды мүдделері бұзылғандықтан жүгінеді, алайда заң нормаларын толық меңгермегендіктен талапты нақты қоймауы, іске тиісті жауапкерді тартпауы мүмкін. Мұндай жағдайда судья азаматқа құқықтық көмек көрсете алады және судьяның бұл өкілеттігі осы жаңа заң нормаларымен бекітілген.

Сонымен қатар, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық

ретіне кіреді. Заңнамаға сәйкес судьяларға қойылатын талаптар жоғары.

тағы әкімшілік істер көбейді, қандай істердің көрсеткіші төмендеді?

– 2022 жылғы 6 айда сотқа келіп түскен істердің басым көпшілігі сот орындаушыларының әрекетін (әрекетсіздігін) даулау, салық даулары және жер даулары болып келеді. Осы істер бойынша барлығы 150 шешім шығарылған, оның ішінде 91 немесе 60,6% бойынша талап қанағаттандырылған.

Биылғы жылы сотқа түскен істердің ішінде жоғарыда атап өткен істер санатына үй даулары қосылды. Әкімшілік істер бойынша барлығы 171 шешім шығарылған, оның ішінде 96 немесе 56,1% бойынша талап қанағаттандырылған, яғни,

білімін жетілдірумен айналысу, өзін-өзі дамытып отыру өте маңызды.

– Әріптестеріңізге қандай тілек айтар едіңіз?

– Сот саласына қатысты барлық әріптестерімді кешегі өткен мерейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Оларға зор денсаулық, отбасында бақ-береке, қызметте абырой тілеймін. Сонымен қатар, халықтың сенімін ақтап, азаматтарымыздың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуде талмас талап пен сарқылмас күш-жігер тілеймін. Өрқашан әділдіктің биік шыңынан көрініп жүре берейік!

білімін жетілдірумен айналысу, өзін-өзі дамытып отыру өте маңызды.

– Сот саласына қатысты барлық әріптестерімді кешегі өткен мерейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Оларға зор денсаулық, отбасында бақ-береке, қызметте абырой тілеймін. Сонымен қатар, халықтың сенімін ақтап, азаматтарымыздың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуде талмас талап пен сарқылмас күш-жігер тілеймін. Өрқашан әділдіктің биік шыңынан көрініп жүре берейік!

Сұхбаттасқан Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

АДВОКАТТАР ҚҰЖАТТЫ ҚАЗАҚША ДАЙЫНДАУҒА БЫНТАЛЫ



Байзақ аудандық сотында сот төрағасы Досжан Қанатбекұлының төрағалығымен Қазақстандағы тіл саясатын іске асыру үшін, тілдің тұғыры мен мәртебесін көтеру және алдағы уақытта қағаз жүзінде іс жүргізу барысында қазақ тілінің кеңінен қолданылуына атсалысу үшін аудандық заң кеңсесі адвокаттарының қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

Төраға «ҚР Тіл туралы» заңына және Конституциямыздың 7-бабына сай, Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі, осыған орай мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бәріміздің парызымыз екенін айтты. Барлық мемлекеттік органдарда және мекемелерде іс қазақ тілінде жүргізілетіні, сонымен қатар, сот жүйесінде де іс жүргізуді толығымен мемлекеттік тілге көшіру бойынша жұмыстар атқарылатынын, барлық адвокаттардың сотқа талап арыздар мен арыздарды мемлекеттік тілде жолдау қажеттігін түсіндірді.

Қазіргі таңда сот өз тарапынан тіл саясатын іске асыру, мемлекеттік тілді жандандыру, тілдің тұғыры мен мәртебесін көтеру мақсатында сот қызметкерлерімен қарқынды жұмыстар атқарып жатқаны, яғни талап арыздар мен арыздарды, хаттарды сотқа ресми тілде жолдайтын мекемелердің өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқа да шаралар жүргізіліп жатқанын жеткізді. Банкер мен коллекторлық агенттіктерге талап арыздардың қазақ тіліндегі үлгілерін жолдағанын, БАҚ-та мақалалардың қазақ тілінде жарияланып жатқандығы, сонымен қатар, алдағы уақытта да мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бойынша жұмыстар өз жалғасын табатынын атап өтті.

Іс-шараға қатысушылар өз кезегінде, алдағы уақытта сотқа талап арыздары мен өтініштерін мемлекеттік тілде жолдайтынын және адвокаттардың көмегіне жүгінген азаматтарға сотқа өткізетін арыздар мен талап арыздарды тек қазақ тілінде әзірлеп беретінін айтты.

Өз тілшіміз

ЖЕГІҚҰРТ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Сонымен қатар шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе.

Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – жемқорлық. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Ата-бабамыз «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігіне ғасыр қайраткерлері Төле, Қазыбек, Әйтеке және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру жолында инвестициялар тарту процесін баяулататын демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Қазіргі таңда осы жағым-

ҚЫЗМЕТ

Сот приставы мемлекеттік қызметте тұратын және өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам. Сот приставының заңды талаптарын барлық жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

Егер де жеке және заңды тұлғалар сот приставының талаптарын және ескертулерін орындамаса ол ҚР ӘҚБТК-нің 653-бабына сәйкес әкімшілік хаттама толтыра алады. Сот приставы негізінен сот ғимараттарын күзетуді қамтамасыз ету, судьяларды және сот отырысына қатысушыларды күзету, залдағы қоғамдық тәртіпті сақтау, сондай-ақ, атқарушылық іс-әрекеттерін жасау кезінде сот орындаушылар мен осы іс-әрекеттерге қатысатын тұлғаларды күзетуді қамтамасыз етеді. Әрбір сот органының жанында сот приставы бөлімі қызмет етеді.

Сот приставтарының өзіндік киім үлгісі (погонсыз), сәйкестендіру картасы бар және оларға жетон беріледі.

ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМДА ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

сыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу жалғасуда.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор.

Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде елде қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту

және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар жүргізу маңызды. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін, жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін кесел.

Сондықтан мемлекет саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық азаматтың перзенттік парызы.

Ерлан УШБАЕВ, Шахтинск қаласы әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ҚАУПСІЗДІК БАСТЫ ОРЫНДА

Оның үлгілерін соттардың қызметін ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган бекітеді. Сонымен қатар, сот приставының арнаулы атыс және электрлік қаруы болады. Арнаулы қару жөнінде айта кететін болсақ, сот приставы атыс қаруын мынадай сәттерде қолдана алады:

- судьялар мен сот талқылауына қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнгенде оларға жасалған шабуылға тойтарыс беру үшін;
 - сот приставының қызметтік міндеттерін орындау кезінде оның өмірі мен денсаулығына қауіп төнгенде қарсы тұру үшін;
 - қару мен арнаулы қаруды иелену әрекетін тыю үшін;
 - сот ғимараттарына топтасып немесе қару қолданып жасалған шабуылдың бетін қайтару мақсатында.
- Алайда, жоғарыда айтылған атыс және электрлік қаруын, арнаулы құралдарды, ұрыс тәсілдерін әйелдерге, көмелетке төлмеғандарға және айқын мүгедектік белгілері бар

адамдарға қатысты қолдануға тыйым салынады. Егерде атыс қаруын, арнаулы құралдары мен ұрыс тәсілдерін қолдану кезінде адамның өліміне немесе өзге де ауыр зардаптар тигізген жағдайда дереу прокурорға хабарлау керек.

Жоғарыда атап өткендей, сот приставы сот отырысы кезінде, сот орындаушылары атқарушылық іс-әрекеттер жасаған кезде залда қоғамдық тәртіпті сақтауды, іс жүргізу әрекеттерін орындауда сотқа жәрдемдесуді, соттың үй-жайын күзетуді қамтамасыз ету, соттардың және басқа органдардың орындаушылық құжаттарын орындауға мәжбүр етуде сот орындаушыларына көмек көрсетуде, құқық бұзушыны құқық қорғау органдарына жеткізуді, судьялардың және процеске қатысушы өзге де тұлғалардың күзетілуін қамтамасыз етеді.

Б. БІЛДІРМЕС, Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу сотының аға сот приставы

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Мұрат Нұрәліұлы, бизнес мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қалай қарайды?

– Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік – өте қажет әрі маңызды мемлекеттік бағдарлама және бұл көптеген мәселелерді шешудің бір жолы. Мысалы, мемлекеттік балабақшалардың жетіспеушілігі. Осы бағдарламаның арқасында балабақшаға кезекте тұрғандардың мәселесі 80% шешілді. Бұл мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің ең сәтті мысалдарының бірі. Бұл жерде де шенеуніктер аяқтан шалуға тырысты. Өңірлердегі кездесулердің бірінде кәсіпкерлердің бірі: «Ауданға барып едім, меңгеруші маған ақша берілмейді деді және өзіне бағынышты адамдардан құралған комиссияға жіберді. Егер бұл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік болса, онда неге бұл комиссиялардың 50%-ы шенеуніктер, ал 50%-ы қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер, депутаттар болмасқа?» – деді. Толық негізделген ұсыныс. Бұл мәселе министрдің бұйрығымен шешілді.

– Кентау қаласында кәсіпкерлікке қолдау қалай көрсетіледі? Әттеген-ай дейтін тұстар бар ма?

– Әлі есімде, қаламыздың шет жағында картошка, пияз, сәбіз егілетін, ол егінді жинап профснабқа



Мұрат САДУОВ, Түркістан облысы Кәсіпкерлік палатасы Кентау қалалық филиалының директоры:

«БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУДАҒЫ ӘЛЕУЕТІМІЗ ЖОҒАРЫ»

өткізетін. Кентау қаласының және қалаға қарасты ауылдық округтерде орналасқан дүкендердің тұтынушыларын қамтамасыз ететін. Ал қазір ол жерлердің шаңы шығып жатыр. Егер осы жерге Байылдыр каналын бетондап, жөндеуден өткізіп, осы егіс алқабына дейін су құбырын тартатын болса 5 мың гектар жерді суаруға жетер еді. Қазіргі таңда ол жер жайылымға айналды. Жайылым дейін десең ол жерде шөп те жоқ. Ал біздің мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер шөпті Қызылордадан сатып алып отыр. Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту және әлеуметтік мәселелерін жедел шешу мақсатында Үкімет «AMANAT» партиясымен бірлесіп, бүкіл Қазақстан бойынша «Ауыл аманаты» жобасын іске қосты. Оны жүзеге асыруға биыл 52 миллиард теңге бөлінген. Партия жанынан әдістемелік қамтамасыз ету, азаматтар мен әкімдерді оқыту, өтініштерді қабылдау және қаржы бөлу барысын қадағалайтын жобалық кеңсе ашылды. Әрине, бұл біздің ауылдарды көтеруге көмектесетін нақты қадамдар болып табылады. «AMANAT» партиясы мен Үкіметтің міндеті – «Ауыл аманаты» жобасын республика бойынша ауқымды ету. Сондай-ақ, тұрғындарды жобаның барлық артықшылықтары туралы дұрыс ақпараттандыру маңызды. Осы жобаны іске асырып, қадағалау үшін ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Кезінде осындай кооператив мал бордақылаумен, егіндікпен айналысатын шаруалардың өнімдерін жинап, дүкендерге өткізетін. Ал қазіргі таңда мал бордақылау үшін төмендетілген несие алған шаруалар ірі қараларын бордақылай бастайды. Сөйтіп, оны жілікке бөліп ағайын-туысына немесе басқа да тұрғындарға айлыққа таратып береді. Айлықты біреу ерте алса, екіншісі кеш алады. Ерте берген адамның ақшасы жаратылып кетеді. Міне осындай жағдайға

тап болған кейбір кәсіпкерлер мал да, ақша да жоқ болып, мемлекет тарапынан алған несиеңі төлеп келеді. Мен жоғарыда айтып өткен ауыл шаруашылығы кооперативі кәсіпкердің бордақылаған малын сатып алып, дүкендерге немесе тағы да басқа жерлерге өткізіп тұрса, кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлер де қиналмас еді. Біз де осы мәселені қолға алғанымыз абзал. Себебі, мемлекет тарапынан алған қаржыға өз кәсібін бастаған кәсіпкер, өзінің өнімін қайда өткіземін деп басын қатырмауы керек. Мемлекет тарапынан ол өнімді өткізуге де қолдау көрсетілуі қажет. Өзіміздің көршілес Өзбекстан мемлекетін алып қарайық, ол жерде кәсіпкерлер өнімін өткізуге жағдай жасалаң.

– Жаңа бір сәзінде ауыл шаруашылығы кооперативінің жұмысы жайында айтып қалдыңыз, сонда бізде АШК жұмысы ақсап тұр ма?

– Бізде ауыл шаруашылығы кооперативі құрылған. Бірақ осы саланың жұмысын жақсартуымыз керек. Олай дейтін себебім, ауыл шаруашылығы кооперативі кәсіпкерлердің өндірген өнімін белгілеген бағаға сатып алып, оны дүкендерге өткізіп отыруы қажет. Сөз барысында көрші Өзбекстан мемлекетін мысалға келтіріп өттім. Онда бір ауданда 10 шақты үйде құрт, ірімшік және тағы басқа өнім өндіреді. Екінші ауданда оңа жуық кәсіпорында химиялық тауарлар шығарады. Осылай бөліп-бөліп қойған. Олар өздерінің өнімін қайда өткіземін деп бас қатырмайды. Кәсіпкерлердің шығарған өнімін арнайы өндіріс орнына белгіленген бағаға сатып алып дүкендерге және өзге елге жіберіп отырады. Міне, біздің елімізде де ауыл шаруашылығы кооперативі осылай жұмыс жасаса мемлекетке қосар үлесі мол болары анық. Кәсіпкерлердің өнімін өзге елге де жіберуге мүмкіндік болады.

– Ұлттық жоба бойынша Кентау қаласында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы 2021 жылдың қазан айында бекітілді. Ұлттық жоба ШОБ-тың бәсекеге қабілетті секторын қалыптастыруға, кәсіпкерлердің экономикалық белсенділігін арттыруға және кәсіпкерлік субъектілері үшін тең жағдайлар жасауға бағытталған. Ұлттық жобаны іске асыру 4 бағыт бойынша жүзеге асырылады. Атап айтар болсақ, кәсіпкерлік белсенділікті арттыру, кәсіпкерлердің өсуін жеделдету, бәсекелестікті кешенді дамыту. Сонымен қатар, өз ісін ашу және дамыту үшін жағдай жасау, субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру және кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне дағдыларды дамыту арқылы кәсіпкерлерді қолдау, кәсіпкерлік субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру, экономиканы мемлекет меншігінен алу. 200-ге жуық азамат өз кәсібін ашты. Енді осы кәсіпті ірілендіру қажет. Бізде қатып қалған қағида қалыптасқан, «біз шағын қалада тұрамыз» деп өзінің өнімін қаладан тыс жерге өткізбейтін өндірушілер де кездеседі. Біз осындай қағидадан арылғанымыз абзал. Қазіргі таңда техника дамыған заман. Өзіміздің өнімімізді интернет дүкені, әлеуметтік желі арқылы сатып, республика өңіріне және өзге елдерге де жібере аласыз. Шағын кәсібін бастаған кәсіпкерлер интернет және әлеуметтік желі арқылы да жұмыс жасауы қажет. Сонымен қатар, аталған жоба аясында 26 кәсіпкер несие алды.

– Шағын несие алған кәсіпкерлердің басым бөлігі қандай бизнес түрін қолға алуда?

– Несие алып өзінің кәсібін ашқан тұрғындар мал шаруашылығымен айналысуда. Сондай-ақ, кәсіпкерлердің

басым бөлігі логистикалық қызметке бет бұруда. Батыс-Еуропаға үлкен жол бар. Осы жол арқылы Қытай мемлекетінің Харгос қаласынан Алматы қаласына келген заттарды республика аумағына тасымалдау қызметін дамытуда. Төмен пайызды несие алып жүк тасымалдайтын көлікпен Қытайдан келген заттарды тасымалдауда. Қазіргі таңда Кентау қалалық кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы бөліміне кредит алу және құжаттарды дұрыс рәсімдеуге келген қала тұрғындарына сапалы қызмет көрсету жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы Кәсіпкерлер палатасының Кентау қалалық филиалы арқылы 600-ден аса тұрғынға кеңес беріліп, 74 бизнес жоспары әзірленіп, кәсіпкерлікпен айналысамын деген тұрғындарға бағыт-бағдар берілді. Сонымен қатар, 300 миллион теңгені құрайтын 25 жобаға қала және қалаға қарасты ауыл тұрғындары тарапынан несие берілді. Оның ішінде 4 жоба мал шаруашылығын дамытуға, 6 жоба айналым капиталын ұлғайтуға, 2-уі бизнесті ұлғайтуға және 13-і автокөлік сатып алу бойынша алынды.

– Осы Ұлттық жоба аясында бизнесті қалай жүргізуге болады?

– Бизнесті нөлден бастауға болады. Алдымен сіз ақша табуды бастау үшін не істеу керектігін түсінугіз керек – қызметтер көрсету немесе тауарлар? Бүгінгі таңда тек дайын өнімдер ғана

бар. Мысалы, сіз құрылыс жұмыстарымен айналысам деп шешсеңіз, бұл жағдайда қызмет түрін жүзеге асыру үшін ЖШС-ке қосымша лицензия алу қажет. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ашу үшін жарғалық капитал да қажет. Ол ЖШС құрылтайшыларының әрқайсысының салымдарынан құрылады және осылайша олардың серіктестіктегі үлесі анықталады. Бұл ақшаны шикізатқа, жалға алуға, коммуналдық қызметке және басқа да шығындарға жұмсауға болмайды. Бұл тиісуге болмайтын сома. Кризистік сәтте де жарғалық капитал ЖШС шотында қалуы керек. Ол кепілдік депозит ретінде қызмет етеді және компания таратылған жағдайда алынады. Ақша банкроттықтан кейін ЖШС қарыздарын және басқа да міндеттемелерін өтеуге кетуі мүмкін. ЖШС ашу және жабу туралы толығырақ ақпаратты мына жерден табуға болады.

– Үстіміздегі жылдың наурыз айынан бастап жұмыссыз жастардың жағдайын көтеру мақсатында 2,5 пайыздық несие беру жұмыстары жүргізілуде. Осы несие шарттары қандай?

– Негізгі шарттарына келер болсақ, микрокредит кепілмен қамтамасыз етілуі шарт кепілдік ретінде жылжымайтын мүлік немесе арнайы техника қою міндетті. Егер жас кәсіпкердің өзінің атында жылжымайтын мүлкі болмаса онда ата-анасының немес жақын туысының үйін кепілдікке қоя алады. Сонымен қатар, бұл несие 21-35 жас аралығындағы азаматтарға беріледі. Несие алушыларға микрокредит беру мерзімі ұзақтығын үштен бірінен аспайтын мерзімге жеңілдік кезеңі беріледі. Несие алатын уақытта үміткерлердің жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі бес жылдан аспаған болуы шарт. Несие алуға өтініш беруші ұсынған құжаттардың мазмұны мен мәліметтерін тексеру мерзімі барлық қажетті құжаттар тіркелген күннен бастап үш жұмыс күнін құрайды. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кредит өтеусіз беріледі. Бағдарламаның жүзеге асуына 29 млрд теңге бөлінген.

– Мұрат Нұрәліұлы, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары қалай жұмыс жасауда?

– 2021 жылдың қараша айынан бастап «Атамекен» ҚР ҰКП базасында еліміздің барлық өңірлерінде 17 Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы (ӘҚДО) жұмысын бастады. Орталықтар COVID-19 пандемиясымен күресте Қазақстан үшін ынтымақтастық қоры шеңберінде Азия даму банкінің қаражаты есебінен қаржыландырылады және «Атамекен» ҚР ҰКП Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасымен әріптестікте іске асырады. Бұл орталықтардың ерекшелігі кәсіпкер-әйелдер мен кәсіпкерлік бастамасы бар әйелдер анықталған қажеттіліктер бойынша кеңес алуға, оқытуға, менторлыққа өтінім бере алады. Орталықтар өз алдына әйелдердің бизнес жүргізудегі мүмкіндіктерін, оның ішінде олардың тұлғалық дамуын кеңейту, инклюзивті, өмірге қабілетті және тұрақты экономиканы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мақсатын қойып отыр. ӘҚДО екі санаттағы әйелдерге арналған қаржылық емес қызметтерді (білікті мамандарды тарта отырып, қажеттіліктерді талдауға сәйкес оқыту, консультация беру, тәлімгерлік, нетворкинг қызметтері және т.б.) ұсынады:

– Мұрат Нұрәліұлы, мазмұнды сұхбатыңызға көп рақмет! Еңбектеріңіз жемісті болсын.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БИТІМ

Медиация – бұл қажетті институт, өйткені, біздің қазіргі мемлекет барлық қолданыстағы салаларда белсенді дамып келеді. Практика көрсеткендей, медиация институты өзінің тиімділігі мен қажеттілігін дәлелдеп, даулар мен жанжалдарды шешудің танымал құралына айналды.

Заңда тараптардың тек осы процедураны қолдану құқығы бекітілгенін, яғни қазіргі қалыптасу кезеңіндегі медиация дауды шешудің міндетті процедурасы болып табылмайтынын ескеру керек. Сонымен бірге, бітімгершілік рәсімдерін жүзеге асыру соттан тыс, соттың

қатысуымен немесе көмегімен мүмкін болады. Бірақ медиацияның бастамашылары тек (жанжалға қатысушы тараптар бола алады) сот емес. Басқаша айтқанда, сот тараптарға бұқаралық ақпарат құралдарын таңдамайды, тек қақтығысты шешудің осы әдісін қолдануды ұсына алады. Тараптар дауды медиация тәртібімен бірінші және апелляциялық сатыдағы сотта, кассациялық сатыда өтініш беру арқылы шеше алады.

Судьялар істі сот талқылауына дайындау кезінде Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес келісімдер жасасудың құқықтық салдары туралы түсіндіреді және келесі ақпаратты ұсынады: медиация тәртібімен (жанжал) дауды шешудің артықшылықтары туралы; мемлекеттік бажды

қайтару туралы; уақытты үнемдеу туралы; кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың тізімдері туралы; медиация кеңселері туралы.

Даулардың жекелеген санаттары үшін міндетті медиацияны енгізу туралы сот ғимаратының фойесінде стендтер мен брошюраларда орналастырылған ақпараттан білуге болады. Сот ғимаратында бітімгершілік, медиация, сот медиациясы және қатысушылық процедурамен аяқталған бітімгершілік рәсімдерін өткізуге арналған медиация кабинеті бар.

Бұл іс-шаралардың барлығы қақтығыстар мен дауларды шешу тәсілі ретінде әлеуметтік-құқықтық қақтығыстардың алдын алу, шешу, дауларды сотқа дейінгі реттеу, медиация және сот медиациясы институтын халық

арасында кеңінен насихаттауға бағытталған.

2023 жылдың 1 тоқсанында Шахтинск қалалық сотына медиабельдік істерге қатысты 217 азаматтық іс түсті, оның ішінде: бітімгершілік келісім бойынша 6 азаматтық іс аяқталса, медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісім жасасуға байланысты 33 іс тоқтатылды.

Бүгінгі таңда заңның маңызды жетістіктерінің бірі – медиация процедурасынан өткен азаматтардың алғысы!

Д. АЛМЕНОВ,
Шахтинск қалалық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ДАУ ШЕШУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСІ

«Сентрас Иншурас» Сақтандыру Компаниясы» АҚ Акционеріне және басшылығына

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

Пікір
Біз «Сентрас Иншурас» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен және пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық жағдай туралы ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Сентрас Иншурас» Сақтандыру Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) қаржылық жағдайын, сондай-ақ, оның қаржылық нәтижелері мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ЖКЕС) сәйкес көрсетілген күні аяқталған кезеңдегі ақшалай қаражаттың қозғалысын анық көрсетеді.

Пікір білдіруге негіз
Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАА») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі есебіміздің «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Компанияға қатысты Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне (бұдан әрі – «БХӘСК Кодексі») және Қазақстандағы қаржылық есептілік аудиторлық қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес тәуелсіз және осы талаптар мен БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындығын жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі
Басшылық көрсетілген қаржылық есептілікті ЖКЕС-ке сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға және басшылық жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашып көрсетуге және басшылық компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе компанияны жоюдан немесе қызметті тоқтатудан басқа нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Аудиторлардың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі
Біздің мақсатымыз – қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтынына және біздің пікірімізді қамтыған есептің шығарылатынына қисынды сенімділік алу. Қисынды сенімділік сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ ХАА-ға сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмаланулар болған жағдайда оларды әркез анықтайтынына кепіл бола алмайды. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе бірлесіп отырып осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

ХАА-ға сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүзеге асырамыз; пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтауға қауіп қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануға әдейі өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналдырып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;

Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды бар ішкі бақылау жүйесін түсіне аламыз;

қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын, бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісті түрде ашылуын бағалаймыз; біз басшылық қызметтің үздіксіздігі туралы ұйғарымдарды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдер негізінде – Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз өз есебімізде қаржылық есептілікті тиісті ақпаратты ашуға назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашу орынсыз болса, өз пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің тұжырымдарымыз есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашып көрсетуін, сондай-ақ, қаржылық есептіліктің және оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалардың олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндігін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық ынтымақтастықты жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоғарыланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит барысында анықталатын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Біз сондай-ақ, корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз туралы мәлімдеме береміз және бұл адамдарға аудитордың тәуелсіздігіне негізді әсер ететін деп санауға болатын барлық қатынастар мен басқа да мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайда, тиісті сақтық шаралары туралы хабарлаймыз.

| | | |
|--|--|-----------------|
| Аудитор | | Нұрқалиева А.К. |
| «ALMIR CONSULTING» ЖШС | | |
| Аудитордың біліктілік күші | | |
| №0000727 2019 жылғы 31 қаңтарда берілген | | |
| 2023 жылғы 28 сәуір, Алматы қ. | | |

№1 нысан

"Сентрас Иншурас" СК" АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бухгалтерлік балансы

| | | (мың теңгемен) | |
|--|------------|----------------|--|
| Балтардың атауы | 01.01.2023 | 01.01.2022 | |
| 1 | 2 | 3 | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 706 554 | 409 088 | |
| Орналасытырылған салымдар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | 0 | 0 | |
| Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | 23 263 131 | 17 968 004 | |
| Бағалы қағаздармен "Кері РЕПО" операциялары | 0 | 402 840 | |
| Алынбаған сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | 3 055 885 | 1 431 246 | |
| Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | 429 653 | 573 104 | |

| | | |
|--|------------|------------|
| Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | 994 982 | 689 870 |
| Сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | 1 040 023 | 387 155 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | 173 761 | 162 366 |
| Басқа дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) | 317 453 | 236 549 |
| Болашақ кезеңдердің шығындары | 10 932 | 13 424 |
| Ағымдағы салық активі | 238 967 | 43 716 |
| Кірікке қалдырылған салық активі | 95 498 | 66 472 |
| Қолдар | 36 196 | 19 816 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды шегергенде) | 130 961 | 156 637 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды шегергенде) | 45 694 | 151 780 |
| Материалдық емес активтер (амортизацияны шегергенде) | 57 157 | 65 979 |
| Басқа активтер | 8 614 | 24 180 |
| Активтер жиыны | 30 605 461 | 22 802 226 |
| Алынбаған сыйлықақы резерві | 9 978 669 | 3 721 583 |
| Орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар резерві | 1 368 849 | 1 466 065 |
| Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резерві | 3 746 211 | 1 560 699 |
| Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу | 723 339 | 477 473 |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу | 74 034 | 29 014 |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төленуі тиіс шоттар | 146 791 | 105 475 |
| Басқа кредиторлық берешек | 45 278 | 53 161 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 52 456 | 156 406 |
| «РЕПО» операциялары | 6 086 975 | 5 970 092 |
| Болашақ кезеңдердің кірістері | 301 205 | 169 454 |
| Салық бойынша міндеттемелер | 108 862 | 52 537 |
| Басқа міндеттемелер | 435 443 | 286 266 |
| Міндеттемелер жиыны | 23 068 112 | 14 048 225 |
| Жарғылық капитал (құрылтайшылардың жарналары) | 1 325 750 | 1 325 750 |
| Тұрақтандыру резерві | 0 | 0 |
| анықталмағанда табылмаған | 360 766 | 376 995 |
| Бөлінбеген пайда | 5 850 833 | 7 051 256 |
| алдыңғы жылдардағы | 5 051 256 | 4 895 238 |
| есептік кезеңдегі | 799 577 | 2 156 018 |
| Капитал жиыны | 7 537 349 | 8 754 001 |
| Міндеттемелер және капитал жиыны | 30 605 461 | 22 802 226 |

Бірінші басшы (ол болмаған кезде - оны ауыстыратын тұлға) _____ Тұрысбеков Б.А.
Бас бухгалтер (ол болмаған кезде - оны ауыстыратын тұлға) _____ Скачкова Т.Б.

№2 нысан

2023 жылғы "01" қаңтардағы жағдай бойынша "Сентрас Иншурас" СК" АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пайда мен залал туралы есебі

| | | (мың теңгемен) | |
|--|------------|----------------|--|
| Балтардың атауы | 01.01.2023 | 01.01.2022 | |
| 1 | 2 | 3 | |
| Сақтандыру қызметінен түсетін кірістер | 10 019 138 | 6 143 175 | |
| Сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары | 18 770 329 | 10 636 518 | |
| Қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары | 104 420 | 120 710 | |
| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары | 7 784 984 | 5 994 195 | |
| Сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы | 11 089 765 | 4 763 033 | |
| Алынбаған сыйлықақы резервінің өзгеруі | 6 257 086 | -496 812 | |
| Алынбаған сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі | 1 624 639 | 308 237 | |
| Алынған сақтандыру сыйлықақылары, нетто | 6 457 318 | 5 568 472 | |
| Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер | 718 586 | 553 926 | |
| Сақтандыру қызметінен түсетін басқа да кірістер | 2 843 234 | 20 777 | |
| Инвестициялық қызметтен түсетін кірістер | 1 009 082 | 2 200 138 | |
| Сыйақы алумен байланысты кірістер | 1 200 282 | 972 809 | |
| Бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон немесе дисконт) түріндегі кірістер | 1 200 282 | 963 591 | |
| орналасытырылған салымдар бойынша сыйақы түріндегі кірістер | 0 | 9 218 | |
| Қаржылық активтермен операциялар бойынша кірістер (шығыстар) (нетто) | -1 411 252 | -168 451 | |
| бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто) | -749 873 | -21 747 | |
| Кері РЕПО операциялары бойынша кірістер | -661 379 | -146 704 | |
| Қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто) | 898 004 | 1 220 986 | |
| сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түсетін кірістер (шығыстар) | 723 222 | 1 150 949 | |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто) | 174 782 | 70 037 | |
| Басқа заңды тұлғалардың капиталына қатысудан түсетін кірістер | 322 267 | 182 617 | |
| Инвестициялық қызметтен түсетін өзге де кірістер (шығыстар) | -219 | -7 823 | |
| Өзге қызметтен түсетін кірістер | 55 481 | 16 855 | |
| Активтерді сатудан және активтерді алудан (беруден) түсетін кірістер (шығыстар) | 32 333 | 7 467 | |
| Өзге қызметтен түсетін басқа да кірістер | 23 148 | 9 388 | |
| Кірістер жиыны | 11 083 701 | 8 360 168 | |
| Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі шығыстар | 3 611 522 | 2 218 826 | |
| Қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі шығыстар | 148 011 | 129 760 | |
| Қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу | 1 528 204 | 689 818 | |
| Регрессиялық талап бойынша өтемақы | 308 342 | 157 492 | |
| Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар | 1 922 987 | 1 501 276 | |
| Сақтандыру залалын реттеу бойынша шығыстар | 55 255 | 28 408 | |
| Орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервінің өзгеруі | -97 216 | -6 852 | |
| Орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі | -143 451 | 35 462 | |
| Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резервінің өзгеруі | 2 185 512 | -19 316 | |
| Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі | 305 112 | 119 011 | |
| Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу жөніндегі шығыстар | 1 883 205 | 1 241 348 | |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын бұзуға байланысты шығыстар | 336 546 | 356 737 | |
| Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар | 39 321 | 60 581 | |
| бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы түріндегі шығыстар | 39 321 | 60 581 | |
| "Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар" | 14 497 | 11 594 | |
| Құнсыздану бойынша резервтерге арналған шығыстар | 146 127 | 177 082 | |

| | | |
|--|------------|-----------|
| Құнсыздану бойынша резервтерді қалпына келтіру | 23 520 | 31 042 |
| Құнсыздану бойынша резервтерге арналған таза шығыстар | 122 607 | 146 040 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар, оның ішінде: | 3 572 669 | 2 795 819 |
| енбекақы және іссапар шығындары | 2 582 664 | 1 861 676 |
| корпоративтік табыс салығын қоспағанда, ағымдағы салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер | 205 858 | 151 469 |
| ағымдағы жалдау шығындары | 101 981 | 134 646 |
| жарнама шығындары | 58 116 | 114 197 |
| үшінші тұлғалардың қызметтері | 68 823 | 65 665 |
| аудиторлық, консультациялық қызметтерге және ақпараттық шығыстарға арналған шығыстар | 70 097 | 50 898 |
| Амортизациялық аударымдар және тозу | 162 430 | 109 157 |
| Басқа шығыстар | 436 228 | 10 457 |
| Шығыстар жиыны | 10 309 950 | 5 971 619 |
| Кезең ішіндегі пайда (залал) | 773 751 | 2 388 549 |
| Салыққа дейінгі таза пайда/таза залал | 773 751 | 2 388 549 |
| Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайда (залал) | 773 751 | 2 388 549 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | -25 826 | 232 531 |
| Корпоративтік табыс салығы | -25 826 | 232 531 |
| Таза пайда / таза залал | 799 577 | 2 156 018 |
| Салықтарды төлегеннен кейінгі таза пайда (залал) жиыны | 799 577 | 2 156 018 |

Бірінші басшы (ол болмаған кезде - оны ауыстыратын тұлға) _____ Тұрысбеков Б.А.
Бас бухгалтер (ол болмаған кезде - оны ауыстыратын тұлға) _____ Скачкова Т.Б.

№3 нысан

2023 жылғы "01" қаңтардағы жағдай бойынша "Сентрас Иншурас" СК" АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)

| | | (мың теңгемен) | |
|---|------------|----------------|--|
| Балтардың атауы | 01.01.2023 | 01.01.2022 | |
| 1 | 2 | 3 | |
| Салық салуға дейінгі пайда | 773 751 | 2 388 549 | |
| Ақшалай емес баптарды түзету: | 30 811 | 78 452 | |
| Амортизациялық аударымдар және тозу | 162 430 | 109 157 | |
| күмәнді борыштар бойынша резервтер бойынша шығыстар | 122 607 | 146 040 | |
| Қаржылық актив құнының өзгеруінен іске асырылмаған кірістер мен шығыстар | -16 229 | 32 019 | |
| ақшалай емес баптарға өзге де түзетулер | -237 997 | -229 384 | |
| Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық кіріс (шығыс) | 804 562 | 2 466 988 | |
| Операциялық активтердің (ұлғаюуы)/азаюуы: | -7 634 958 | -7 027 941 | |
| Орналасытырылған салымдардың (ұлғаюуы) азаюуы: | 0 | 209 522 | |
| Саудаға арналған және сату үшін қолда бар бағалы қағаздардың (ұлғаюуы) азаюуы | -5 295 127 | -9 048 250 | |
| "РЕПО" операциясының ұлғаюуы (азаюуы) | 402 840 | 1 663 055 | |
| Қайта сақтандыру активтерінің (ұлғаюуы) азаюуы | -1 786 300 | -463 100 | |
| Сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақыларының (ұлғаюуы) азаюуы | -652 868 | 455 307 | |
| Басқа дебиторлық берешектің (ұлғаюуы) азаюуы | -80 904 | 96 946 | |
| Болашақ кезеңдердегі шығындардың ұлғаюуы/азаюуы | 2 4 | | |

ШЕШІМ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Халықтың құқығы мен бостандығын қорғауда сот шешімінің дер кезінде орындалуы маңызды. Осы қызмет жүктелген жеке сот орындаушылар институтының жұмыс істей бастағанына 10 жылдан асты. Бүгінгі күнге дейін бұл институт толыққанды қалыптасып, соның нәтижесінде атқарушылық өндіріс сапа жағынан да, сан жағынан да жаңа деңгейге көтерілді.

Сот орындаушы сот шешімін орындату үшін борышкердің шоты мен жылжитын және жылжымайтын мүлкін пайдалануға, елден шығуына уақытша тыйым сала алады. Қазіргі таңда олардың жұмысын оңтайландыру арқылы сот шешімін тезірек жүзеге асыру үшін көптеген шаралар жасалып жатыр. Мәселен, мамыр айынан бастап сот орындаушылар автокөлік құралдарына бірнеше минут ішінде электрондық тәсілмен тыйым салып немесе оны алып тастай алатын болды. Бұл қызмет Әділет министрлігінің Digital Justice жобалар портфелі шеңберінде Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында іске қосылды. Жобаны Әділет министрлігі, Республикалық жеке сот орындаушылар палатасы, Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті бірлесіп әзірледі. Мамандар қазіргі таңда осы жобаны енгізудің нәтижесінде сот орындаушылар мен ішкі істер органы арасындағы қағаз құжат айналымы қысқарғанын, жүйе жұмысы жақсарып, жеке сот орындаушыларға қатысты шағым саны азайғанын айтып отыр.

Әрбір сот актісі орындалуымен құнды десек, жеке сот орындаушылар елімізде заң үстемдігін орнатуға айрықша үлес қосып отыр.

**Серік ОРАЛОВ,
Ақтөбе облысының
жеке сот орындаушысы**

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ - МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет бұл – халықтың сенімін ақтаумен қатар, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркениеттің өріне қадам басқан мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет деп санаймын.

Мемлекеттік қызметтегі азаматтардың білімі мен

немесе БСН, сонымен қатар құпия сөз арқылы жүзеге асыра аласыз. «Сот кабинеті» қызметін пайдалану шарты өте қарапайым. Сот ісін жүргізушіге ҚР Ұлттық куәландыру орталығынан электрондық цифрлық қолтаңбаны алып, «Сот кеңсесінде» стандартты тіркеу рәсімінен өту жеткілікті. Талап арыз пайдаланушының ЭЦҚ куәландырылған кейін әділет органының ақпараттық жүйесіне беріледі.

Жаңа сервис процеске қатысушылардың материалдармен танысу ісін айтарлықтай жеңілдету, сот құжатын зерделеуге кететін уақыт пен шығынды қысқарту мақсатында әзірленген. Сервисте

электронды сот құжаттарын көруге, сақтауға және жүктеп алуға болады. Осылайша «Сот кабинеті» халық үшін бірыңғай, көп функциялы терезенің рөлін атқарады. Сот жүйесінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, бюрократиялық кедергілерді жойып, күні бойы сарылып жүгірген халықтың әр есікті ұрып, әр есіктен сығалауын біржолата тоқтататынына сенім мол.

**Нұрдәулет ЕРКІНБЕКОВ,
Түркістан қаласы
мамандандырылған
тергеу соты сот отырысының
хатшысы**

білігі маңызды рөлге ие. Себебі, жан-жақты, білімді, жауапкершілігі мол қызметші өз жұмысын тиянақты жасап қана қоймай, тұрғындар тарапынан болған сыни көзқарасқа, ұсыныс-талаптарға сауатты әрі нақты жауап бере алады. Мемлекеттік қызметті адал атқару қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтады.

Мемлекеттік қызметшілер – билік пен қарапайым халықтың арасын жалғайтын алтын көпір. Мемлекеттік қызметші болу зор жауапкершілікті, абыройлы міндетті жүктейді. Оған лайық болу үшін қызметшінің бойында кәсіби біліктілігінен бөлек адами құндылығы да жоғары болуы тиіс. Осы жауапты салада қызмет етіп жүрген әріптестерімді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

**Айгерім ШАЙМЕРДЕН,
Ақмола облысы бойынша ҚР Сот әкімшілігі
департаментінің маманы**

ӘРТҮРЛІ

10. Алматы қаласы, Түркісіб аудандық соты азаматты өлді деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Арызданушы Масыкин Андрей Александрович соттан қарындасы Масыкина Елена Александровнаны қайтыс болды деп тануды сұрайды. Себебі, 2012 жылдың мамыр айынан бастап Е.А. Масыкинаның тағдыры туралы ештеңе белгісіз, соңғы тұрғылықты жері: Алматы қаласы, «Айнабұлақ» ықшамауданы, 124 үй, 40 пәтер. 1977 жылы 17 қаңтарда туылған Масыкина Елена Александровнаның тұрған жерін білетін тұлғалар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Спартак көшесі, 11, мекенжайы бойынша Алматы қаласы, Түркісіб аудандық сотына жүгінсін. Тел.: 87273331367, 87273331377.

БАНКРОТТЫҚ

28. Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 2023 жылғы 12 маусымдағы ұйғарымымен «АКМ-ПЛАНУМ» ЖШС-н (БСН 111240012461) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Заңды мекенжайы: ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әлмұхан Сембинов көшесі, 27 үй.

ТАРАТУ

2. «Айдын 2030» ЖШС (БСН 200640007703) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020507, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Қараөзек ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 50 үй.

3. «Саран қаласы әкімдігінің «Саран қаласының халқын жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110740014909) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды обл., Саран қ., Ленин даңғылы, 11 үй.

4. «Жаңаөзен қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110740004971) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, «Жалын» шағынауданы, құрылыс 25Б.

5. БҚО, Тасқала ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БИН 110640013808) ҚР Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағы 1-тармақшасы және 53-бабтың 1-тармағына сәйкес таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарламаны алған сәттен бастап 2 ай ішінде БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Абай көшесі, 3 ғим. мекенжайы, тел.: 8(71139)21269 бойынша қабылданады.

6. «Панфилов ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 110640020800 (Қазақстан, Жетісу обл., Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Николай Головацкий көшесі, 131 ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу обл., Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Н.Н. Головацкий көшесі, 129. Тел.: 87283151388.

7. «Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740000146, заңды мекенжайы Ақтөбе обл., Әйтеке би ауд., Темірбек Жүргенов ауылдық округі, Темірбек Жүргенов

ауылы, Балдырған көшесі, 10 ғимарат, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Темірбек Жүргенов ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Ардагерлер көшесі, 9/А ғимарат. Тел.: 87770320102.

8. Заңды ұйымның атауы: «Берекелі-2030» ауылдық тұтынушы кооперативі, БСН 091040014701, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола обл., Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Абай көшесі, 44А. Тел.: 87015538729.

9. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 110640006825, СҚО, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 42 үй, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде СҚО, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 42 үй, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87153322452.

13. «Абай облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін тарату туралы» Бородулиха ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 142 қаулысына сәйкес, «Абай облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ 2023 жылғы 1 шілдеден бастап таратылады.

14. «Ақжол & Нурислам»-ның (БСН 210940019105) жабылуына байланысты алыс-берісі бар мекемелер, жеке азаматтар хабарландыру газетке жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мақаласына болады. Өтініштер Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, Абай көшесі, 28 үй.

15. «Қармақшы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің «Байқоңыр қаласы бойынша халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 171240020969, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы, 16 ғимарат. Тел.: 8(33622)75300.

16. «Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740002310, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап, Қарғалы ауданы әкімінің 15.06.2023 жылғы №98 қаулысымен таратылатындығын хабарлайды. Сұрақтар бойынша: Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы, Әйтеке би көшесі, 32. Тел.: 8(71342)23692, 23252.

17. «Мәртөк ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640022044, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап, Мәртөк ауданы әкімінің 07.06.2023 жылғы №11 қаулысымен таратылатындығын хабарлайды. Сұрақтар бойынша: Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылдық округі, Мәртөк ауылы, Сейфуллин көшесі, 34Б, «Ашық әкімдік» ғимараты. Тел.: 8(71331)21325, 8(71331)21324.

18. «KHS GmbH in Almaty» өкілдігі («KXS Гмб в Алматы»), БСН 990842001369, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Назарылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Төлебаев көшесі, 82 үй, 2 пәтер, пошталық индексі 050013.

19. «Yolkon Group» ЖШС БСН 060740007210, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Абай даңғылы, 153, 46, тел. 87475000096.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қоқшетау к., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ar@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

